

## Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 678 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 13 шілдедегі N 1061 Қаулысымен

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.13. N 1061 Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 24 сәуірдегі Бюджет кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесі бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Республикалық және жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 мамырдағы N 592 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 15 1 6 6 - қ ұ ж а т ) ;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 мамырдағы N 592 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 мамырдағы N 441 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 19, 194-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 1

м а у с ы м д а ғ ы

N

6 7 8

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### **Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу ережесі**

*Ескерту. Ережеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007 жылғы 8 тамыздағы N 679 Қаулысымен.*

Осы Ереже Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес әзірленді және алдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу тәртібін айқындайды.

**1-бөлім. Жалпы ережелер**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары (бұдан әрі - Республиканың орта мерзімді жоспары), жергілікті өкілді орган бекітетін Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспары (бұдан әрі - Өңірдің орта мерзімді жоспары), жергілікті атқарушы орган бекітетін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің алдағы үш жылдық кезеңге арналған Орта мерзімді фискалдық саясаты (бұдан әрі - Орта мерзімді фискалдық саясат), мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламалар, Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына елдегі ахуал және Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайынғы жолдауы, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылу тиімділігін бағалау және өткен және ағымдағы қаржы жылдарында жергілікті бюджеттерді атқарудың нәтижелері, алдағы қаржы жылына арналған жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеудің негізі болып табылады.

2. Жергілікті бюджеттердің жобаларын әзірлеу процесі мынадай кезеңдерді қамтиды:

1) алдағы қаржы жылына арналған түсімдердің болжамды көрсеткіштерін айқындау;

2) ағымдағы бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламалары үшін бюджет шығыстарының лимиттерін айқындау;

2-1) басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін айқындау;

3) жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерді жасауы;

4) жергілікті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарауы;

5) мәслихаттың тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы шешімінің жобасын әзірлеу.

**2-бөлім. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жобаларын әзірлеу**

**2-тарау. Алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджетке, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетіне түсетін түсімдердің болжамды көрсеткіштерін айқындау**

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы (бұдан әрі - бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган) үш жылдық кезеңге айқындалған республикалық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялардың, аудандық (

облыстық маңызы бар қалалық) бюджеттерден алынатын бюджеттік алып қоюлардың көлемдерін және облыстық бюджет пен аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттерден арасында кірістерді бөлу нормативтерін ескере отырып, бюджет құрылымына сәйкес облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті түсімдерінің болжамды көрсеткіштерін айқындайды және оларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссияларының (бұдан әрі - бюджет комиссиясы) қарауына жібереді.

4. Бюджет комиссиясы ағымдағы қаржы жылының 5 маусымына дейінгі мерзімде алдағы қаржы жылына арналған облыс, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті түсімдерінің ұсынылған болжамды көрсеткіштерін қ а р а й д ы ж ә н е м а қ ұ л д а й д ы .

4-1. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясы тиісті жергілікті атқарушы органның және (немесе) мәслихат депутаттарының ұсыныстары негізінде түсімдердің болжамды көрсеткіштерін және өңірдің белгіленген стратегиялық, әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтарын ескере отырып бюджет қаражатын жұмсаудың негізгі бағыттарын көрсете отырып, тиісті қаржы жылының облыстық бюджетін, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін нақтылау туралы ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

4-2. Облыстық бюджеттерді, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін нақтылау тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджетін нақтылауға байланысты жүргізілген жағдайда, мәслихаттың тиісті шешімі Қазақстан Республикасының Президенті тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңға қол қойғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірмей қабылданады.

**3-тарау. Бюджет шығыстарының лимиттерін және облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің басым бюджеттік бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) тізбесін айқындау**

5. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті шығыстарының лимиттерін бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің болжамды көрсеткіштері, бюджет қаражатын жұмсаудың басымды бағыттары, Орта мерзімді фискалдық саясатта айқындалған өзге де көрсеткіштер, теріс операциялық сальдоның облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті тапшылығының жол берілетін шектегі мөлшерлері және республиканың орта мерзімді жоспарында, Өңірдің орта мерзімді жоспарында айқындалған өзге де макроэкономикалық көрсеткіштер, үш жылдық кезеңге бекітілген бюджеттік алулар мен субвенциялардың көлемдері, сондай-ақ алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың

, астананың бюджеті түсімдерінің бюджет комиссиясы мақұлдаған болжамды көрсеткіштері негізінде қалыптастырады.

6. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті басым бюджеттік инвестициялық жобаларының (бағдарламаларының) тізбесін қалыптастыру облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті бюджеттік бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті басым бюджеттік бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) тізбесі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген нысанда өткен жылғы есептік деректер мен ағымдағы жылға арналған жоспарлы көрсеткіштер көрсетілетін облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің бюджеттік бағдарламаларынан қалыптастырылады.

Жоспарланатын кезеңнің бірінші жылында іске асырылуы басталатын облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің басым бюджеттік бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) тізбесіне енгізілетін облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің бюджеттік бағдарламалары сонымен қатар мынадай талаптарға сай болуға тиіс:

- 1) мемлекеттік функцияларға сәйкес келу;
- 2) мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламаларға сәйкес келу;
- 3) орта мерзімді фискалдық саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес келу;
- 4) бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) үшін техникалық-экономикалық негіздеменің экономикалық сараптамасының оң қорытындысы болуы.

7. Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар үшін бюджет шығыстарының лимиттерін есептеу кезінде:

1) үш жылдық кезеңге белгіленген облыстық бюджеттен аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін бюджеттік субвенциялардың көлемі мен республикалық бюджетке алынатын бюджеттік алулардың көлемдерін қоса алғанда, облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті кірістерінің көлемінен аспауы тиіс ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға арналған шығындардың жалпы көлемі;

2) бекітілген заттай нормалар;

3) ағымдағы қаржы жылының ағымдағы бюджеттік бағдарламаларының көлемі;

4) бюджеттік шығыстарды ұлғайту немесе азайту жөнінде Орта мерзімді фискалдық саясатта көрсетілген бағыттар;

5) ағымдағы қаржы жылында аяқталатын ағымдағы бюджеттік бағдарламаларды алып тастау қажеттігі;

б) өзге де қажетті жағдайлар ескеріледі.

8. Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар үшін бюджет шығыстарының лимиттері облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік бағдарламаларының әрбір әкімшісі (бұдан әрі - бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері) үшін айқындалады. Жалпы лимиттерден шығыстардың жекелеген түрлерін бөліп көрсетуге болады.

9. Бюджеттік даму бағдарламалары үшін шығыстардың лимиттері бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасында ажыратылмай, тұтас айқындалады. Бюджеттік даму бағдарламалары үшін шығыстар лимиттерінің көлемі облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті шығыстарының жалпы болжамды көлемі мен ағымдағы бюджеттік бағдарламалар үшін шығыстар лимиттерінің жалпы көлемі арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

9-1. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік комиссияның қарауына :

облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің ағымдағы бюджеттік бағдарламалар үшін бюджет шығыстарының лимиттерін ( бұдан әрі - ағымдағы бюджеттік бағдарламалар үшін бюджет шығыстарының л и м и т і ) ;

облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің бюджеттік даму бағдарламалары үшін бюджет шығыстарының лимиттерін ( бұдан әрі - бюджеттік даму бағдарламалары үшін бюджет шығыстарының л и м и т т е р і ) ;

облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін енгізеді.

10. Бюджет комиссиясы ағымдағы қаржы жылының 7 маусымына дейінгі мерзімде ағымдағы бюджеттік бағдарламаларға және бюджеттік даму бағдарламаларына арналған шығыстардың лимиттерін, сондай-ақ облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің басым бюджеттік инвестициялық жобаларын (бағдарламаларын) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін қарайды және мақұлдайды .

11. Бюджет комиссиясы мақұлдаған ағымдағы бюджеттік бағдарламалар үшін және облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің басым бюджеттік инвестициялық жобаларын (бағдарламаларын) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті шығыстарының лимиттерін бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті

орган 3 жұмыс күні ішінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне, ал бюджеттік даму бағдарламалары үшін және облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің басым бюджеттік инвестициялық жобаларын (бағдарламаларын) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін бюджет шығыстарының лимиттерін бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іріктеу үшін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына жеткізеді.

12. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) жөніндегі өтінімдерін қарау нәтижелері, заңды тұлғалардың жарғылық капиталға қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемелері негізінде және бюджет комиссиясы мақұлдаған бюджеттік даму бағдарламаларына арналған бюджет шығыстарының лимиттері шегінде:

1) ағымдағы жылы мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламалар бөлінісінде іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) ескеріле отыра, басымды бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) тізбесін;

2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялар жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады және ағымдағы жылдың 15 маусымына дейін бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

13. Бюджет комиссиясы осы Ереженің 12-тармағында көрсетілген тізбе мен ұсыныстарды қарайды, оларды қаржыландыру көзі мен тетігін және оларды іске асыруға жауапты болатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін айқындайды.

14. Бюджет комиссиясы мақұлдаған басымды бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) мен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялар жөніндегі ұсыныстары тізбесін бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган үш күн ішінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне жеткізеді.

15. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы жылдың 1 тамызына дейін бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілеттік органға республикалық бюджеттен берілетін мақсатты трансферттер мен бюджеттік кредиттердің болжамды көлемдері мен мақсатын жеткізеді. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган оларды бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша бөледі және оларға үш жұмыс күш

і ш і н д е

ж е т к і з е д і .

16. *(алынып тасталды - 2007.08.08. N 679 )*

**4-тарау. Облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерді жасауы**

17. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген тәртіппен:

бірыңғай бюджет сыныптамасы;

бюджет шығыстарының лимиттері;

өткен қаржы жылында бюджет комиссиясы мақұлдаған үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінім;

республиканың немесе өңірдің орта мерзімді әлеуметтік-экономикалық даму жоспары және орта мерзімді фискалдық саясат;

бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық және жергілікті уәкілетті органдар жеткізген басым бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (ішкі бағдарламалардың) тізбесі;

бюджеттік бағдарламалар паспорттарының жобасы;

бюджеттік бағдарламалар әкімшісі жүргізген, жоспарланатын қаржы жылына ауысатын бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау нәтижелері негізінде ж а с а л а д ы .

18. Алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган белгілеген кестеге сәйкес ағымдағы жылдың 1 шілдесінен кешіктірмей бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұ с ы н а д ы .

Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетін нақтылау кезінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясы қабылдаған бюджет қаражатын жұмсаудың негізгі бағыттары бойынша бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік комиссиясы облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін нақтылау туралы шешім қабылданған күннен кейін 10 жұмыс күні ішінде бюджеттік өтінімдерін ұсынады.

19. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне берілетін мақсатты трансферттерді және бюджеттік кредиттерді қаржыландыруды жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бөлінісінде осы бюджеттік бағдарламалар бойынша негізделген есептеулерді ұсынады.

**5-тарау. Облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарау**

20. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган:

1) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерінің осы Ережеде және Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында оларға қойылатын талаптарға сәйкестігін қарайды;

2) бюджетті жоспарлау сатысында бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалауды :

болжанатын қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарлама бойынша паспорттардың жобалары, қаржыландыру жоспарларының жылдық сомалары, шығыстар есептері ;

бюджеттік бағдарламаның әкімшісі жүргізген бюджеттік бағдарламаның тиімділігін бағалау нәтижелері негізінде;  
және :

өңірдің тиісті болжанатын жылдарға арналып қабылданған стратегиялық, орта мерзімді бағдарламаларына және әлеуметтік-экономикалық даму жоспарларына ;

егер алдағы қаржы жылында осы бағдарламаны іске асыру көзделсе, бюджеттік бағдарламалардың өткен және ағымдағы жылдарда іске асырылуын талдауға сәйкес жүргізеді;

3) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері бойынша қорытынды дайындайды ;

4) аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне облыстық бюджеттен берілетін мақсатты трансферттер мен бюджеттік кредиттердің көлемдері жөнінде ұсыныс дайындайды.

21. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері жөніндегі қорытындының нысанын бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган айқындайды .

22. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері және бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның олар жөніндегі қорытындысы, сондай-ақ бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның облыстық бюджеттен берілетін мақсатты трансферттер мен бюджеттік кредиттердің көлемдері жөніндегі ұсынысы ағымдағы жылдың 25 шілдесінен бастап бюджет комиссиясының қарауына енгізіледі.

23. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдері мен бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның олар жөніндегі қорытындысы бюджет комиссиясының қарауына екі кезеңде енгізілуі мүмкін.

Бірінші кезеңде ағымдағы бюджеттік бағдарламалар енгізіледі. Бұл ретте



бюджет комиссиясы жаңа әрі қосымша бюджет қаражатын талап ететін, жеке қаралатын бюджеттік бағдарламаларды қоспағанда, ағымдағы бюджеттік бағдарламаларды бюджеттік бағдарламалардың барлық әкімшілері бойынша т ұ т а с т а й қ а р а й д ы .

Екінші кезеңде бюджеттік даму бағдарламалары енгізіледі. Бюджет комиссиясы бюджеттік өтінімдерді тақырыптық блоктар бойынша қарау тәртібін б е л г і л е й а л а д ы .

24. Бюджет комиссиясының бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарау кестесін бюджет комиссиясының жұмыс органы ж а с а й д ы .

25. Бюджет комиссиясы енгізілген бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін, бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органның қорытындысын, сондай-ақ аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне облыстық бюджеттен берілетін мақсатты трансферттер мен бюджеттік кредиттердің көлемдері жөніндегі ұсынысты қарайды және ағымдағы жылдың 25 тамызына дейінгі мерзімде олар жөнінде ш е ш і м қ а б ы л д а й д ы .

Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджетін нақтылау кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік өтінімдерді қарайды, олар бойынша қорытынды дайындайды және оларды бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік өтінімдерді ұсынған күннен кейін 10 жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қарауына шешім қабылдау ү ш і н е н г і з е д і .

26. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері арасындағы келіспеушіліктерді бюджет к о м и с с и я с ы қ а р а й д ы .

27. Бюджет комиссиясы облыстық бюджеттік бағдарламалар, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік бағдарламалары жөнінде түпкілікті шешім қабылдағаннан кейін бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қосымша өтінімдер б е р у г е қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

28. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне облыстық бюджеттен берілетін мақсатты трансферттер мен бюджеттік кредиттердің көлемдерін бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органына жеткізеді.

29. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үш күндік мерзімде облыстық бюджеттік бағдарламалардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттік бағдарламаларының паспорттары жобаларын және шығыстардың

есептерін бюджет комиссиясының шешімдеріне сәйкес келтіреді және оларды бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетін нақтылау кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік бағдарламалар паспорттарының жобаларын және бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстардың есептерін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының шешімдеріне сәйкес келтіреді және оларды облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясы шешім қабылдаған күннен кейін 3 жұмыс күнінің ішінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

### **6-тарау. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу**

30. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджет комиссиясы қабылдаған шешімдер негізінде алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті жобасының түпкілікті нұсқасын жасайды және оны бюджет комиссиясының қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

Алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті жобасын қарау және оның түпкілікті нұсқасын айқындау жоспарланып отырған қаржы жылының алдындағы жылдың 15 қыркүйегінен кешікпей аяқталады.

Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетін нақтылау кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қабылдаған шешімдерінің негізінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қорытындысынан кейін 5 жұмыс күні ішінде нақтыланған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет жобасының түпкілікті нұсқасын жасайды және оны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

31. Бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті жобасының түпкілікті нұсқасы негізінде алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын жасайды және ағымдағы жылдың 1 қазанынан кеш емес мерзімде оны облыстың республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қарауына ұсынады.

Облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетін

нақтылау кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет комиссиясының нақтыланған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджет жобасының түпкілікті нұсқасы бойынша қабылданған шешімдерінің негізінде 10 жұмыс күні ішінде тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті туралы мәслихат шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімнің жобасын жасайды және оны облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының қарауына ұсынады.

32. Алдағы қаржы жылына арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органы ағымдағы жылдың 15 қазанынан кешіктірмей мәслихатқа енгізеді.

**3-бөлім. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің жобасын әзірлеу**  
**7-тарау. Алдағы қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне түсетін түсімдердің болжамды көрсеткіштерін айқындау**

33. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы үш жылдық кезеңге белгіленген облыстық бюджеттен берілетін бюджеттік субвенциялардың, облыстық бюджет пен аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің арасында кірістерді бөлу нормативтерін ескере отырып, бюджет құрылымына сәйкес аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетіне түсетін түсімдердің болжамды көрсеткіштерін айқындайды және оларды ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының (бұдан әрі - бюджет комиссиясы) қарауына жібереді.

34. Бюджет комиссиясы ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіне дейінгі мерзімде алдағы қаржы жылына аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің ұсынылған болжамды көрсеткіштерін қарайды және мақұлдайды.

34-1. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясы тиісті жергілікті атқарушы органның және (немесе) мәслихат депутаттарының ұсыныстары негізінде өңірдің стратегиялық, әлеуметтік-экономикалық дамуының белгіленген басымдықтарын ескере отырып, түсімдердің болжамды көрсеткіштері мен бюджет қаражатын жұмсаудың негізгі бағыттарын көрсете отырып, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) тиісті қаржы жылына арналған бюджетін нақтылау туралы шешім қабылдайды.

34-2. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетін нақтылау тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджеттің нақтылануына байланысты жүргізілген жағдайда мәслихаттың тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімге қол қойылғаннан кейін екі апта мерзімнен кешіктірмей мәслихаттың тиісті шешімі қабылданады.

**8-тарау. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті шығыстарының лимиттерін және басым бюджеттік бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) тізбесін айқындау**

35. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет шығыстарының лимиттерін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің болжамды көрсеткіштері, бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары, Орта мерзімді фискалдық саясатта айқындалған өзге де көрсеткіштер, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті тапшылығының, теріс операциялық сальдоның жол берілетін шектегі мөлшерлері және Өңірдің орта мерзімді жоспарында айқындалған өзге де макроэкономикалық көрсеткіштер, үш жылдық кезеңге белгіленген бюджеттік алулар мен субвенциялардың көлемдері, сондай-ақ алдағы қаржы жылына арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті түсімдерінің бюджет комиссиясы мақұлдаған болжамды көрсеткіштері негізінде қалыптастырады.

36. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің басым бюджеттік инвестициялық жобаларының (бағдарламаларының) тізбесін қалыптастыру аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің бюджеттік бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) тізбесі негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің басым бюджеттік бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) тізбесі бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгілеген нысандағы өткен жылғы есептік деректер мен ағымдағы жылға арналған жоспарлы көрсеткіштер көрсетілетін аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің бюджеттік бағдарламаларынан қалыптастырылады. Жоспарланатын кезеңнің бірінші жылында іске асырылуы басталатын, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің басым бюджеттік бағдарламаларының (кіші бағдарламаларының) тізбесіне енгізілетін аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің бюджеттік бағдарламалары сонымен қатар мынадай талаптарға жауап беруге тиіс:

- 1) мемлекеттік функцияларға сәйкес келу;
- 2) мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламаларға сәйкес келу;
- 3) орта мерзімді фискалдық саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес келу;
- 4) бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) үшін техникалық-экономикалық негіздеменің экономикалық сараптамасының оң қорытындысының болуы.

37. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ағымдағы бюджеттік бағдарламалары үшін бюджет шығыстарының лимиттерін есептеу кезінде:

- 1) облыстық бюджетке алынатын бюджеттік алулардың бекіткен көлемдерін қоса алғанда, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ағымдағы бюджеттік

бағдарламаларына, қаладағы ауданның, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің бюджеттік бағдарламаларына арналған шығындардың жалпы көлемі аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті кірістерінің көлемінен аспауы тиіс;

2) бекітілген заттай нормалар;

3) ағымдағы қаржы жылының ағымдағы бюджеттік бағдарламаларының көлемі;

4) бюджеттік шығыстарды ұлғайту немесе азайту жөнінде орта мерзімді фискалдық саясатта көрсетілген бағыттар;

5) ағымдағы қаржы жылында аяқталатын ағымдағы бюджеттік бағдарламаларды алып тастау қажеттігі;

6) өзге де қажетті жағдайлар ескеріледі.

38. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ағымдағы бюджеттік бағдарламалары, қаладағы ауданның, кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің бюджеттік бағдарламалары үшін шығыстардың лимиттері, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) және қаладағы аудан, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімі аппаратының (бұдан әрі - әкім аппараты) бюджеттік бағдарламаларының әрбір әкімшісі үшін айқындалады. Жалпы лимиттерден шығыстардың жекелеген түрлерін бөліп көрсетуге болады.

39. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік даму бағдарламалар үшін шығыстардың лимиттері ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері мен әкімдер аппараты арасында ажыратылмай, тұтас айқындалады. Бюджеттік даму бағдарламалары үшін бюджет шығыстары лимиттерінің көлемі аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті шығыстарына жалпы болжамды көлемі мен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ағымдағы бюджеттік бағдарламаларын бюджет шығыстары лимиттерінің жалпы көлемі арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі.

39-1. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы бюджеттік комиссияның қарауына:

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ағымдағы бюджеттік бағдарламалары үшін бюджет шығыстарының лимиттерін;

ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік даму бағдарламалары үшін бюджет шығыстарының лимиттерін;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің басым бюджеттік инвестициялық жобаларын (бағдарламаларын) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін енгізеді.

40. Бюджет комиссиясы ағымдағы қаржы жылының 1 шілдесіне дейінгі мерзімде ауданның ағымдағы бюджеттік бағдарламаларына және (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік даму бағдарламаларына арналған шығыстардың

лимиттерін, сондай-ақ аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің басым бюджеттік инвестициялық жобаларын (бағдарламаларын) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесін қарайды және  
м а қ ұ л д а й д ы .

41. Бюджет комиссиясы мақұлдаған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ағымдағы бюджеттік бағдарламалары және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің басым бюджеттік инвестициялық жобаларын (бағдарламаларын) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі үшін шығыстардың лимиттерін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы үш жұмыс күні ішінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламаларының әкімшілеріне және әкімдердің аппараттарына, ал бюджеттік даму бағдарламалары және аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің басым бюджеттік инвестициялық жобаларын (бағдарламаларын) қамтитын басым бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) тізбесі үшін шығыстардың лимиттерін бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) іріктеу үшін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына жеткізеді.

42. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) жөніндегі өтінімдерін қарау нәтижелері, заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемелері негізінде және бюджет комиссиясы мақұлдаған, бюджеттік даму бағдарламаларына арналған шығыстардың лимиттері шегінде:

1) ағымдағы қаржы жылында мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламалар бөлінісінде іске асырылатын бюджеттік инвестициялық жобаларды (бағдарламаларды) ескере отырып, басымды бюджеттік инвестициялық жобалар (бағдарламалар) тізбесін;

2) заңды тұлғалардың жарғылық капиталын қалыптастыруға және ұлғайтуға қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялар жөніндегі ұсыныстарды қалыптастырады және ағымдағы қаржы жылының 15 шілдесіне дейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қ а р а у ы н а е н г і з е д і .

43. Бюджет комиссиясы осы Ереженің 42-тармағында көрсетілген тізбе мен ұсыныстарды қарайды, оларды қаржыландыру көзі мен тетігін және оларды іске асыруға жауапты болатын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерін а й қ ы н д а й д ы .

44. Бюджет комиссиясы мақұлдаған басымды бюджеттік инвестициялық

жобалар (бағдарламалар) мен заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу арқылы жүзеге асырылатын бюджеттік инвестициялар жөніндегі ұсыныстар тізбесін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы үш күн ішінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері мен әкімдердің а п п а р а т т а р ы н а ж е т к і з е д і .

45. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы облыстық бюджеттен берілетін мақсатты трансферттер мен бюджеттік кредиттердің болжамды көлемдері мен мақсатын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері, әкімдердің аппараттары бойынша бөледі және оларға үш жұмыс күні і ш і н д е ж е т к і з е д і .

46. *(алынып тасталды - 2007.08.08. N 679 )*

### **9-тарау. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламалары әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерді жасауы**

47. Осы Ереженің 17-тармағына сәйкес жасаған, алдағы үш жылдық кезеңге арналған бюджеттік өтінімдерді ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері мен әкімдердің аппараттары ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы белгілеген кестеге сәйкес ағымдағы жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына ұсынады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау кезінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясы қабылдаған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау туралы шешім қабылданғаннан кейін 10 жұмыс күнінің ішінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға бюджет қаражатын жұмсаудың негізгі бағыттары бойынша бюджеттік өтінімдерді табыс етеді.

### **10-тарау. Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік өтінімдерін қарауы**

48. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және әкімдер аппараттарының бюджеттік өтінімдерін осы Ереженің 20-тармағының 1)-3) тармақшаларында көзделген тәртіппен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті о р г а н ы қ а р а й д ы .

49. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және әкімдер аппараттарының бюджеттік өтінімдері жөніндегі

қорытындының нысанын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы айқындайды.

50. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, әкімдер аппараттарының бюджеттік өтінімдері және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының олар жөніндегі қорытындысы осы Ереженің 23-тармағында көзделген тәртіппен ағымдағы жылдың 1 тамызынан бастап бюджет комиссиясының қарауына енгізіледі.

51. Бюджет комиссиясының ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және әкімдер аппараттарының бюджеттік өтінімдерін қарау кестесін бюджет комиссиясының жұмыс органы ж а с а й д ы .

52. Бюджет комиссиясы ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің, әкімдер аппараттарының енгізілген бюджеттік өтінімдерін, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органының қорытындысын қарайды және ағымдағы жылдың 1 қыркүйегіне дейінгі мерзімде олар жөнінде шешім қ а б ы л д а й д ы .

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган бюджеттік өтінімдерді қарайды, олар бойынша қорытындылар дайындайды және шешім қабылдау үшін оларды ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік өтінімдерді табыс еткеннен кейін 10 жұмыс күні ішінде енгізеді.

53. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), әкімдердің аппараттарының бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері мен ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы арасындағы келіспеушіліктерді бюджет комиссиясы қарайды.

54. Бюджет комиссиясы бюджеттік бағдарламалар жөнінде түпкілікті шешім қабылдағаннан кейін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері және әкімдер аппараттары қосымша өтінімдер б е р у г е қ ұ қ ы ғ ы ж о қ .

55. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік бағдарламаларының әкімшілері, әкімдер аппараттары үш күндік мерзімде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың), кенттің, ауылдың (селоның), ауылдық (селолық) округтің бюджеттік бағдарламаларының паспорттары жобаларын, шығыстардың есептерін бюджет комиссиясының шешімдеріне сәйкес келтіреді және оларды ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органына ұсынады.



Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау кезінде бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджеттік бағдарламалар паспорттарының жобаларын және бюджеттік бағдарлама (кіші бағдарлама) бойынша шығыстар есептемелерін ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының шешімдеріне сәйкес келтіреді және ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясы шешім қабылдағаннан кейін 3 жұмыс күннің ішінде оларды бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органға ұсынады.

**11-тарау. Тиісті қаржы жылына арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын әзірлеу**

56. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы бюджет комиссиясы қабылдаған шешімдер негізінде алдағы қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті жобасының түпкілікті нұсқасын жасайды және оны бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

Алдағы қаржы жылына арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет жобасын қарау және оның түпкілікті нұсқасын айқындау жоспарланып отырған қаржы жылының алдындағы жылдың 1 қазанынан кешікпей аяқталады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясы қабылдаған шешімдері негізінде ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қорытындыларынан кейін 5 жұмыс күні ішінде нақтыланған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет жобасының түпкілікті нұсқасын жасайды және оны ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының қарауына енгізеді.

57. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті органы алдағы қаржы жылына арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет жобасының түпкілікті нұсқасы негізінде алдағы қаржы жылына арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын жасайды және ағымдағы жылдың 15 қазанынан кеш емес мерзімде оны ауданның облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының қарауына ұсынады.

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін нақтылау кезінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті орган ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет комиссиясының нақтыланған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджет жобасының түпкілікті нұсқасы бойынша қабылданған шешімдерінің негізінде 10 жұмыс күнінің ішінде ауданның (

облыстық маңызы бар қаланың) тиісті қаржы жылына арналған бюджеті туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешімнің жобасын жасайды және оны ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының қарауына ұсынады.

58. Алдағы қаржы жылына арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеті туралы мәслихат шешімінің жобасын ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы ағымдағы жылдың 1 қарашасынан кешіктірмей мәслихатқа енгізеді.